

## *Студенттің өздік жұмысы (СӨЖ)*

### **Климаттық белдеулер**

Жер шарында климат типтері белдеулер түрінде таралған. Климаттық белдеулер әр жарты шарда 4 негізгі, 3 өтпелі климаттық белдеулерге ажыратылады. **Негізгі климаттық белдеулер** – экваторлық, тропиктік, қоңыржай, арктикалық не антарктикалық, ал өтпеліге – субэкваторлық, субтропиктік, субарктикалық немесе субантарктикалық белдеулер жатады.

**Экваторлық климаттық белдеу.** Жыл бойы ыстық күн сәулесі мол түсетіндіктен, ауа температурасы тұрақты. Жауын-шашын көп түседі, ылғал мол әрі қапырық. Экваторлық ауа жыл бойы үстемдік етеді.

**Тропиктік климаттық белдеу.** Құрлықта құрғақ, континентті климат, жауын-шашын мөлшері аз (100-200 мм). Жазы өте ыстық, қысы қоңыр салқын. Жыл бойы тропиктік ауа массасының ықпалында болады.

**Қоңыржай климаттық белдеу.** Жазы жылы, қысы суық. Жылдық жауын-шашын құрлықтың ішкі бөлігінде 100 мм.

Климаттың екі түрі кездеседі: **қоңыржай теңіздік және қоңыржай континенттік** климаттар. Қоңыржай ауа массасы әсер етеді.

**Полярлық климаттық белдеулер** (арктикалық, антарктикалық). Жазы салқын, қысы суық, жауын-шашын аз, булану төмен. Жер бетін қар мен мұз жауып жатады. Полярлық (арктикалық, антарктикалық) ауа массалары жыл бойы әсер етеді.

#### **Мәтінге тапсырма:**

**1-тапсырма.** Мәтінді мәнерлеп оқып, аударыңыз.

**2-тапсырма.** Мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Климаттық белдеулер әр жарты шарда қалай ажыратады?
2. Негізгі климаттық белдеулерге не жатады?
3. Өтпелі климаттық белдеулерге не жатады?
4. Экваторлық климаттық белдеудің ауа-райы қандай?
5. Тропиктік климаттық белдеудің ауа-райы қандай?
6. Қоңыржай климаттық белдеудің ауа-райы қандай?
7. Полярлық климаттық белдеудің ауа-райы қандай?
8. Климаттың неше түрі бар?

**3-тапсырма.** Мәтіннен ауыспала осы шақта тұрған етістікті табыңыз.

**4-тапсырма.** Мәтіннен мезгіл мәнде тұрған сөзді табыңыз.

**5-тапсырма.** Мәтіннен қатыстық сын есімді табыңыз.

**6-тапсырма.** «Ауа райы болжамы» метрологиялық орталық хабарын дайындаңыз.